

АСТАНА ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
«БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ» МҚҚК  
«Қ.МҰХАМЕДХАНОВ АТЫНДАҒЫ  
№ 90 ГИМНАЗИЯСЫ» КММ

Сайлаубаева Г.Ж., Махмет Г.Р.

**«ҚАЙЫМТАНУ»**



*(8- сынып оқушылары үшін факультативтік  
курсының бағдарламасы)*

Астана қаласы, 2022 жыл

Астана қаласы әкімдігінің Қ.Мұхамедханов атындағы № 90 гимназиясының әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды, қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды (2022 жылғы 26.05. № 5 хаттама)

**Рецензенттер:** Сламбекова Толқын Сламкуловна , п.ғ.к., педагогика кафедрасының профессоры. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ

Идрисов Ахат Несіпханұлы, педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, филология ғылымының магистрі, Семей қаласы А.Байтұрсынов атындағы № 47 орта мектеп

**Құрастырушылар:** Сайлаубаева Гүлжан Жеңісқызы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Махмет Гулшат Рахимбекқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. «Қайымтану» тақырыбындағы 8-сынып оқушыларына арналған факультативтік бағдарлама.

Нұр-Сұлтан, 2022 ж – 10 бет.

Бұл бағдарламада абайтанушы ғалым Қ.Мұхамедхановтың зерттеушілік еңбектері мен шығармалары мектеп оқушыларына оқыту және жас буынның қазақ әдебиетіндегі тұлғалардың ғылым жолындағы еңбектері туралы жазылған. Оқушылардың ғылыми іздену қызығушылықтарын арттыра түсетін тақырыптар алынған.

Бағдарлама 8- сынып оқушылары үшін арналған.

## Мазмұны

Түсінік хат .....	3
Бағдарлама мазмұны .....	5
Тақырыптық-күнтізбелік жоспар.....	6
Пайдаланған әдебиеттер .....	10

# Түсінік хат

**1.1. Бағдарламаның қажеттілігін негіздеу.** Белгілі абайтанушы ғалым, ақын, зерттеуші Қайым Мұхамедханов қазақ әдебиетінің зерттеу саласында дүниелер тудырды. Ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, Абайтанудағы ерен еңбектері, ақын шәкірттері, қазақ ақындары мен жазушылары туралы зерттеулері.

Аптасына 1 сағатқа арналған бұл курс жыл бойы жүргізіледі. Мақсаты — халқымыздың біртуар перзенті, қазақ сөз өнерінің айтулы саңлақтарының бірі, ақын, әдебиет зерттеуші Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен шығармашылығын тереңірек оқыту, ғалымның Абай Құнанбаевтың М. Әуезовтің шығармаларын зерттеуге қосқан үлесін меңгерту, қазақ әдебиетіміздің дамуына үлес қосқан қаламгерлердің әлемімен танысып, өзіндік ой түйіндеу. Сонымен қатар ғалымның әдебиеттегі зерттеушілік ізін жалғастырушы шәкірттері жайында мәліметтермен таныстыру.

Бағдарламада көрсетілген шығармалар оқуға, көркем мәтінді меңгерту үшін, оқушыны оқырман ретінде қалыптастыру мақсатында ұсынылды. Сонымен қатар елдің мұңы, жұрт қамы жөніндегі ойлары және ақын туралы замандастары мен қаламдастарының лебіздері беріледі. Бағдарлама екі бағытқа негізделген. Ғалымның өмір жолын, шығармашылық жолын танып білу, зерттеу еңбектеріндегі ақын жазушылардың шығармаларын талдауы, оқушының ғылыми тұрғыдан іздену дағдысын, шығармаларды талдауын, көркемдік ерекшеліктерін таба білу дағдысын практикалық тұрғыда қарастыру.

Шығармашылығына толық шолу жасай отырып, зерттеу кезеңдерін саралап, ғылыми еңбектері мен әдебиет саласындағы өзекті мәселелерді айқындау.

## 1.2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

**Мақсаты:** Белгілі ғалымның шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы халқымыздың әдебиетін, ғылымын, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын, ұлтына адал дара тұлға қалыптастыру.

### Міндеттері:

Қазақ әдебиетінің дамуына мол үлес қосқан Қ.Мұхамедхановтың өмір жолы мен шығармашылығын таныту. Ғалымның Ұлы Абайдың еңбектері мен қазақ әдебиетіндегі белгілі болған тұлғаларды зерттеудегі еңбектерімен таныстыру.

### 1.3. Оқу процесінің жалпы сипаттамасы:

Сабақты дәстүрлі, практикалық және инновациялық, сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтері негізде оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыру. Оқушылардың бойына ғылымдылықты, ізденушілік қабілеттерді дарыту, ғалымның Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан танытудағы жүйелі жоспарымыз межелі мақсаттарға жетелемек. Теориялық ұғымдарды шығармашылық жұмыстарда іс жүзінде көрсете білу, жобалай білуді көздейді.

### 1.4. Бағдарлама бөлімдерінің қысқаша тізімі.

I -бөлім. Қайымның қайың өмірі.

II -бөлім. Мұхтар Әуезов және –Қайым.

III бөлім. Абайдың ақындық мектебі.

IV бөлім. Қайым Мұхамедхановтың текстологиялық зерттеулері.

V бөлім. Әдебиет тарихы туралы зерттеулер.

VI бөлім. XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармаларын зерттеулері.

VII бөлім. Қ.Мұхамедханов поэмаларының ерекшелігі.

VIII бөлім. «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған».

**1.5. Күтілетін нәтиже:** Бұл пәнді оқыту арқылы оқушылардың ғылыми іздену жолдарына қадам бастау, Қайым Мұхамедхановты әдебиет зерттеуші ретінде тану. «Қазақтың Қайымы» жобасын қорғау.

## Бағдарлама мазмұны

8-сыныпқа арналған «Қайымтану» курсы оқу пәнінің білім мазмұны төмендегідей бөлімдер мен тақырыптардан тұрады.

### 2.1. Қысқаша мазмұны мен сағаттары көрсетілген тақырыптардың дәйкеті тізбесі.

#### **I -бөлім. Қайымның қайың өмірі. 4 сағат.**

Пән туралы түсінік беру. Қайым Мұхамедхановтың өмір өткелдері. Қайсар ғалымның ғылым жолындағы қуғын-сүргіндері. Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған. Мектептегі Қайым Мұхамедханов музейіне саяхат.

#### **II -бөлім. Мұхтар Әуезов және –Қайым. 4 сағат.**

Абай мұрасын жинауы. Ұстаз аманатына адалдық. Абай музейіне сырттай саяхат. Абай мұраларын насихаттаушы.

#### **III бөлім. Абайдың ақындық мектебі. 6 сағат.**

Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін ғылыми айналымға енгізуі. Ақылбай Абайұлы. Мағауия Абайұлы. Тұрағұл Ибрагимов. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шәкәрім шежіресі.

#### **IV бөлім. Қайым Мұхамедхановтың текстологиялық зерттеулері. 2 сағат.**

**Абай шығармаларының текстологиясы. Махамбет шығармаларының текстологиясы.**

#### **V бөлім. Әдебиет тарихы туралы зерттеулер. 5 сағат.**

Қаракерей Қабанбай батыр. Бөгенбай батыр. Шөже Қаржаубайұлы. Шашубай Қошқарбайұлы. Бұхар жырау.

#### **VI бөлім. XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармаларын зерттеулері. 8 сағат.**

Шоқан Уәлиханов. Шернияз ақын. Махамбет Өтемісұлы. Дулат Бабатайұлы. Ахмет Байтұрсынов. Мағжан Жұмабаев. Жүсіпбек Аймауытов. Міржақып Дулатов.

**VII бөлім. Қ.Мұхамедханов поэмаларының ерекшелігі. 3 сағат.**

Орындалған өсиет. Жамбыл.

**VIII бөлім. «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» 4 сағат.**

Қайымның шәкірттері. Тұрсын Жұртбай. Қайымның қағидалары. Е.Іргебай.  
«Қайың -ғұмыр» жоба қорғау.

## 2.2. «Қайымтану» курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Барлығы: 36 сағат, аптасына 1 сағат.

№ р/с	Бөлімдер	Бөлім тақырыптары	Өткізу түрі	Саға т сан ы	Ме рзі мі	Еск ерт у
1	<b>I бөлім. Қайымның қайың өмірі.</b>	Пән туралы түсінік беру. Қайым Мұхамедхановтың өмір өткелдері.	Әңгімел еу	1		
2		Қайсар ғалымның ғылым жолындағы қуғын-сүргіндері.	Саралау	1		
3		Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған.	Талдау	1		
4		Мектептегі Қайым Мұхамедханов музейіне саяхат.	Саяхат	1		
5	<b>II бөлім. Мұхтар Әуезов және Қайым.</b>	Абай мұрасын жинауы.	Әңгімел еу, талдау	1		
6		Ұстаз аманатына адалдық	Әңгімел еу,	1		
7		Абай музейіне сырттай саяхат.	Әңгімел еу	1		
8		Абай мұраларын насихаттаушы.	Талдау	1		
9	<b>III бөлім. Абайдың ақындық мектебі.</b>	Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін ғылыми айналымға енгізуі.	Талдау	1		
10		Ақылбай Абайұлы.	Әңгімел еу	1		
11		Мағауия Абайұлы.	Әңгімел еу	1		
12		Тұрағұл Ибрагимов.	Әңгімел еу	1		
13		Шәкәрім Құдайбердіұлы.	Талдау	1		

14		Шәкәрім шежіресі.	Талдау	1		
15	<b>IV бөлім. Қайым Мұхамедхановтың текстологиялық зерттеулері.</b>	Абай шығармаларының текстологиясы.	Талдау	1		
16		Махамбет шығармаларының текстологиясы.	Талдау	1		
17	<b>V бөлім. Әдебиет тарихы.</b>	Қаракерей Қабанбай батыр.	Талдау	1		
18		Бөгенбай батыр.	Әңгімел еу	1		
19		Шөже Қаржаубайұлы.	Әңгімел еу	1		
20		Шашубай Қошқарбайұлы.	Әңгімел еу	1		
21		Бұхар жырау.	Талдау	1		
22	<b>VI бөлім. XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармаларын зерттеуі</b>	Шоқан Уәлиханов.	Әңгімел еу	1		
23		Шернияз ақын.	Әңгімел еу	1		
24		Махамбет Өтемісұлы	Әңгімел еу	1		
25		Дулат Бабатайұлы.	Әңгімел еу	1		
26		Ахмет Байтұрсынов	Талдау	1		
27		Мағжан Жұмабаев.	Талдау	1		
28		Жүсіпбек Аймауытов.	Талдау	1		
29		Міржақып Дулатов.	Талдау	1		
30	<b>VII бөлім. Қ. Мұхамедханов поэмаларының ерекшелігі.</b>	«Орындалған өсиет».	Талдау	1		
31		«Жамбыл».	Талдау	1		
32		Шығармашылық жұмыс.	Талдау,	1		

			жобалау			
33	<b>VIII бөлім. «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»</b>	Қайымның шәкірттері. Тұрсын Жұртбай.	Әңгімел еу	1		
34		Е. Іргебай.	Әңгімел еу	1		
35		Қайымның қағидалары.	Әңгімел еу	1		
36		«Қайың-ғұмыр» жоба қорғау.	Талдау	1		

### 2.3. Практикалық жұмыстардың тізімі және пәнаралық байланыстар.

-Жазбаша тіл дамытуда реферат қорғау, конференция, семинар, семинар-сабақ, т.б.

- ауызекі сөйлеу тіліне байланысты тапсырмалар, оқыған әңгімелерін не басқа көркем туындыларын мәнерлеп оқу, мазмұндау;
- жоспар құру, нұсқау немесе тези ;
- шығармашылық жұмыстар: мақала,баяндама, эссе жазу.

**Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, география, қазақ тілі, әдебиет теориясы

### 2.4. Оқыту нәтижесінде алынған білім мен дағды деңгейіне қойылатын талаптар.

- әрбір оқушы өзінің білімінің, іскерлік дағдысының бағаланатынын түсіну керек.
- мұғалім оқушының қосымша біліміне, оқыған қосымша әдебиеттеріне кеңес, нұсқау беріп, баға қоймайды.
- оқушылардың теорияны және фактілерді білуін тексеру және бағалау арқылы, білімдерінің жалпы және ақыл-ой дамуына, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпалын, оқуға әсерін білу;
- білім, іскерлік, дағдыларды түрлі тәсілдер арқылы тексеру;
- байқалған кемшіліктерді оқушының өзі түзетуі;
- мұғалімнің оқушыларды білімдерін бақылап, кемшіліктерді жоюдың әдістемесі мен тәсілдерін білуге үйретуі;
- әр тақырыпты оқудың нәтижесіне мұғалімнің және оқушылардың баға беруі;

### 2.5. Бақылау формалары және оқушылардың жетістіктерін бағалау әдістері.

*Ауызша тексеру.* Бақылаудың мақсаты мен тексерілетін материалдың мазмұнына байланысты ауызша тексеру әр түрлі ұйымдастырылады..

Мазмұнына байланысты тексеру алдыңғы өткен сабақ бойынша немесе белек бөлімдер және тақырыптар бойынша жүргізіледі.

*Жазбаша - графикалық жұмыстарды тексеру.* Екінші кең қолданатын бақылау әдісі жазбаша-графикалық жұмыстарды тексеру болып табылады. теориялық материалдар бойынша білімдерді тексеру;

- оны өмір жолы мен шығармашылық кезеңдерді өткенде қолдана білу;
- қалыптасқан біліктерді бақылау үшін қолданады.

*Жазбаша - графикалық жұмыстарды тексеру.* Екінші кең қолданатын бақылау әдісі жазбаша-графикалық жұмыстарды тексеру болып табылады. Бұл әдістің өзінің сапалық ерекшеліктері бар: ауызша тексеруге қарағанда мынадай ерекшеліктері бар: уақыттың үнемделуі, тексерілетіндердің барлығын қамтиды.

#### **Жазбаша жұмыстар:**

- теориялық материалдар бойынша білімдерді тексеру;
- эссе, мақала, шығарма жазуда қолданады;
- қалыптасқан біліктерді бақылау үшін қолданады.

## **2.6. Оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер тізімі.**

-«Қайым туралы сөз». Құрастырғандар: Қ.Мұхамедханов отбасы, Астана, Фолиант баспасы, 2006 ж.

-«Хаттар сөйлейді».- Алматы, 2016 ж.

-«Қайым Мұхамедханов» зерттеулер, мақалалар. –Алматы, «Алаш» 2005 ж.

- <https://abai.lemi.kz/post/view?id=1659>

## **2.7. Мұғалімдерге ұсынылатын әдебиеттер тізімі.**

- Қ.Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері», Алматы «Дәуір»-1993 ж

-Д.Сейсенұлы. «Ер қазақ» деректі хикаяттар, 2020 ж.

- Д. Абайдың аманатын ақтадық па?: Белгілі абайтанушы ғалым, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қ. Мұхамедхановпен сұхбат// Ертіс өңірі.- 2003.- 10 қаңтар.- б.28

-Сұлтанбеков М. Жеңіске жету өнер: Қ. Мұхамедхановтың 90 жылдығына// Семей таңы .- 2005.- 24 маусым.- б.5

-Төлеуғазықызы А. Рухы биік адам: ғұлама ғалым Қ. Мұхамедханов жайлы үзік әңгіме// Семей таңы.- 2004.- 10 қыркүйек.- б.3

Сұлтанбеков М. Жеңіске жету өнері...: Қ. Мұхамедхановтың 90 жылдығына// Семей таңы .- 2005.- 24 маусым.- б.5

Төлеуғазықызы А. Рухы биік адам: ғұлама ғалым Қ. Мұхамедханов жайлы үзік әңгіме// Семей таңы.- 2004.- 10 қыркүйек.- б.3

Шаяхметұлы Қ. Бірегей тұлға: Ғибрат ғұмыр// Ертіс өңірі.- 2006.- 23 ақпан.- б.15

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дәулет Сейсенұлы. «Ер қазақ». Алматы. 2020 ж.
2. Мұхамедханов. Қ. Зерттеулер, мақалалар. 1-9 том. Алматы, «Алаш» 2005 ж.
3. Мұхамедханов. Қ. «Абайдың ақын шәкірттері». Алматы РГЖИ. 1993 ж.
4. Мұхамедханов. Қ. «Абай шығармаларының текстологиясы жайында». Алматы. 2010 ж.
5. «Қайым туралы сөз». Құрастырған: Қ.Мұхамедханов отбасы. Астана: Фолиант, 2006 ж.
6. <https://abaialemi.kz/post/view?id=1659>
7. <https://adebiportal.kz/kz>
8. <https://edu.e-history.kz/kz>
9. <https://abaialemi.kz/post/view?id=1659>

**АСТАНА ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
«БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК  
«Қ.МҰХАМЕДХАНОВ АТЫНДАҒЫ  
№ 90 ГИМНАЗИЯСЫ» КММ**

**«Қайымтану» факультатив курсына қосымша**

**ОҚУ –ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

**Құрастырғандар: Сайлаубаева Г.Ж.Махмет Г.Р.**

**Астана, 2022 ж**

## Қысқа мерзімді жоспар


Бөлім: № 1 сабақ	<b>Қайымның қайың өмірі</b>	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	<b>Қайым Мұхамедхановтың өмір өткелдері.</b>	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Қайым Мұхамедхановтың өмірі туралы оқушыларға түсінік беру.	
Сабақтың мақсаты	<p><b>Оқушылардың барлығы:</b> Қайым Мұхамедхановтың өмір өткелдері туралы түсінік беру.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Қайым Мұхамедхановтың өмірбаяны туралы мәлімет алады, талдау жасайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі:</b> Қайым Мұхамедхановтың өмірбаяны туралы мәлімет алады, талдау жасайды, өз көзқарасын білдіреді.</p>	

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Баға лау	Ресурстар
Ұйымдас тыру кезеңі	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру	Сабаққа қатысады		
Сабақтың басы	<p><b>Психологиялық ахуал «Арқаға жазу» әдісі.</b></p> <p>Оқушылар шеңбер бойына тұрып, бір-бірінің арқасына бірінші оқушы бастаған сөзді жазып шығуы арқылы психологиялық ахуал орнатады.</p>	«Арқаға жазу» әдісі арқылы оқушылар шеңбер бойына тұрып, бір-бірінің арқасына жазады.	2 балл	Таныстыр ылым  Оқулық
Сабақтың ортасы	<p><b>Миға шабуыл.</b></p> <p>1. Қайым Мұхамедханов туралы не білесіңдер?</p> <p>2. Қайым Мұхамедхановтың қандай шығармаларын</p>	«Миға шабуыл» әдісі арқылы сұрақтарға	3 балл	<a href="https://www.youtube.com/watch?v=nnTO">https://www.youtube.com/watch?v=nnTO</a>

оқыдыңдар?  
Бейнежазбаны мұқият тыңдап,  
түсінгендерің бойынша сұрақтар  
құрастырыңдар.

**Тапсырма.** Қайым  
Мұхамедхановтың өмірі туралы  
топтастырып жазыңдар.



**Тапсырма.** «Дербес пікір жазу»  
тәсілін қолданып, төмендегі  
берілген мәтін мазмұны бойынша  
пікіріңді жаз.

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлемнен келтіру керек.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлемнен тұру керек.
6. Қорытынды – екі сөйлемнен тұрады.

жауап береді.  
Бейнежазба  
ны мұқият  
тыңдайды,  
сұрақтар  
құрастырады.

Қайым  
Мұхамедхано  
втың өмірі  
туралы  
топтастырып  
жазады.

Өлең  
жолдарын  
мәнерлеп  
оқып, шағын  
әңгіме  
жазады.

«Дербес  
пікір жазу»  
тәсілін  
қолданып,  
берілген  
мәтін  
мазмұны  
бойынша  
пікірін  
жазады.

[АМкТ5М](#)

8

«Бас бармақ» тәсілі

Барлығын түсіңізім –

Екі түсініп келемін –

Түсінедім –

3 балл

«Екі  
жұлдыз,  
бір тілек»



Сабақтың соңы

**Тапсырма.** «Тұжырымдамалық  
кесте» әдісі арқылы Қайым  
Мұхамедхановтың туралы  
мәліметті толтырыңдар.

Тұл	Туғ	Шы	Соғ	Шы
ған	ан	ғар	ыс	ғар
ың	жыл	мал	жыл	мал
аты-	ы,	ары	дар	ары
жөн	туға		ынд	нда

«Тұжырымда  
малық кесте»  
әдісі арқылы  
Қайым  
Мұхамедхано  
в туралы  
мәліметті  
толтырады.

2 балл



	і	н жері		ағы өлеңдері	қандай мәселелерді көтерген?			



Кері байланыс:

«Рефлексия пирамидасы» әдісі

1. Есте сақтау керек бір нәрсе
2. Сіз көбірек білгіңіз келетін 2 нәрсе
3. Сіз білген үш мәлімет
4. Сіз үйренген төрт нәрсе

Бөлім:	<b>Қайымның қайың өмірі.</b>		
№ 2 сабақ			
Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	<b>Қайсар ғалымның ғылым жолындағы қуғын-сүргіндері.</b>		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Қайсар ғалымның ғылым жолындағы қуғын-сүргіндері туралы мәлімет беру.		
Сабақтың мақсаты	<p><b>Оқушылардың барлығы:</b> Қайсар ғалымның ғылым жолындағы қуғын-сүргіндері туралы мәлімет алады.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Қайсар ғалымның ғылым жолындағы қуғын-сүргіндері туралы талдау жасайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі:</b> талдау жасайды, өз ойларын дәлелді келтіреді.</p>		

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ Педагогтің әрекеті	Оқушының	Баға	Ресурстар
-------------------------------------	----------	------	-----------

уақыт		әрекеті	лау	
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру	Сабаққа қатысады		
Сабақтың басы	<p><b>Психологиялық ахуал</b></p> <p>«Алған әсерлер» жаттығуы</p> <p>Шеңберде тұрып, сол алақанға ойша бүгінгі көңіл - күйді салып, оң алақанға жаттығудан алған әсерлерімен бөлісу.</p> <p>«Егер саған ұнаса...» ойыны</p> <p>Егер саған ұнаса саусақпен тырсылдат,</p> <p>Егер саған ұнаса шапалақта жараса.</p> <p>Егер саған ұнаса аяғыңмен тарсылдат,</p> <p>Егер саған ұнаса айтайықшы «Тамаша».</p>	«Алған әсерлер» жаттығуын жасайды	2 балл	Таныстырылым Оқулық
Сабақтың ортасы	<p><b>Миға шабуыл.</b></p> <p>1. Қайсар ғалымның ғылым жолындағы қуғын-сүргіндері туралы не білдіңдер?</p> <p>2. Ғалымның қандай шығармаларын оқыдыңдар?</p> <p><b>Тапсырма.</b></p> <p>Ғаламтордан ғалым туралы мәліметтерді сілтеме арқылы оқиды.</p> <p><b>Тапсырма. «Төрт сөйлем»</b> тәсілін пайдаланып ғалым туралы ойларыңды жазыңыздар.</p> <p><b>Пікір.</b> Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.</p> <p><b>Дәлел.</b> Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.</p> <p><b>Мысал.</b> Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.</p> <p><b>Қорытынды.</b> Тақырып бойынша қорытынды жаз.</p> <p><b>Тапсырма.</b></p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p><b>Төрт сөйлем»</b> тәсілін пайдаланып ғалым туралы ойларыңды жазыңыздар.</p>	3 балл	    <p><a href="https://kamu100.semeylib.kz/?page_id=25">https://kamu100.semeylib.kz/?page_id=25</a></p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек»</p>   

Сабақтың соңы	Тапсырма. Синквейн» стратегиясын қолданып, «Қайым» сөзіне қатысты бес жолды өлең құрастырындар. 1-жол: Тақырыптың атауы (зат есім). 2-жол: Тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім). 3-жол: Тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік). 4-жол: Тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы. 5-жол: Тақырыптың мәнін	Синквейн» стратегиясын қолданып, «Қайым» сөзіне қатысты бес жолды өлең құрастырыңдар.	2 балл	
---------------	--	---	--------	---


Кері байланыс:



Бөлім: № 3 сабақ	<b>Мұхтар Әуезов және Қайым</b>		
Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	<b>Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған</b>		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Ақынның өлеңіне талдау жасау		
Сабақтың мақсаты	<b>Оқушылардың барлығы:</b> өлеңнің шығу тарихы туралы түсініктерін толықтырады. <b>Оқушылардың көпшілігі:</b> өлеңге талдау жасайды <b>Оқушылардың кейбірі:</b> өз ойларын дәлелдейді.		

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/	Педагогтің әрекеті	Оқушының	Баға	Ресурстар
------------------	--------------------	----------	------	-----------

уақыт		әрекеті	лау	
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру	Сабаққа қатысады		
Сабақтың басы	Әнұран айту.		2 балл	Таныстырылым Оқулық
Сабақтың ортасы	<p><b>Миға шабуыл.</b> «Аквариум» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.</p> <p>1. Ғалымның қандай шығармалары қызықты болды?</p> <p>2. Ғалымның Абай мұрасын жинаудағы мақсаты не деп ойлайсың?</p> <p>3. Семей қаласында Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайын ашыға белсене қатысты? (1940)</p> <p><b>Тапсырма. ВЕНН</b> диаграммасы арқылы Қайым Мұхамедханов пен Абай Құнанбаевты салыстырып жазыңдар.</p>  <p>Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған, Бостандық өмір мен ар үшін қиған жан. Торлаған тұманнан жол таппай тұрғанда, Жарқырап <b>Лениндей</b> күн шығып, атты таң.</p> <p>Жасасын <b>Советтер Одағы</b>, Жеткізген еркіндік, теңдікке, Бастайтын елдерді бірлікке, Жеңіске, шаттыққа, ерлікке!</p> <p>Дақ салмай <b>Лениннің</b> жеңімпаз салтына, Ұрпағы қосты даңқ Отанның даңқына, <b>Одақтас</b>, ұрандас елдердің қамқоры, Көп алғыс айтамыз ұлы орыс халқына.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Мәтінмен танысады.</p> <p><b>ВЕНН</b> диаграммасы арқылы Қайым Мұхамедханов пен Абай Құнанбаевты салыстырып жазады.</p>	3 балл	 <p>«Бас бармақ» тәсілі</p> <p>Барлығын түсіңізім --</p> <p>Екіні түсініп келемін --</p> <p>Түсінебін --</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек»</p> 

	<p>Жасасын Советтер Одағы, Жеткізген еркіндік, теңдікке, Бастайтын елдерді достыққа, Жеңіске, шаттыққа, ерлікке!</p> <p>Іргелі мемлекет, ерікті болдық ел, Достықпен, бірлікпен жайнайды туған жер. Еңбекте, майданда, жеткізген жеңіске <b>Данышпан партия (в первоначальной редакции — Сталин) — сүйікті кемеңгер.</b></p> <p>Жасасын Советтер Одағы, Жеткізген еркіндік, теңдікке, Бастайтын елдерді бақытқа, Жеңіске, шаттыққа, ерлікке!</p>			
Сабақтың соңы	Тапсырма. Өлеңдегі қарамен жазылған сөздерді өз сөздеріңмен ауыстырып көріңдер.	«Қайым Мұхамедхановтың Абай мұрасына сіңірген еңбегі» тақырыбына эссе жазады.	2 балл	

Кері байланыс:



Бөлім:	<b>Мұхтар Әуезов және Қайым</b>	
№4 сабақ		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	<b>Мектептегі Қайым Мұхамедханов музейіне саяхат.</b>	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Оқушыларға Қайым музейі туралы түсініктерін толықтыру.	
Сабақтың мақсаты	<b>Оқушылардың барлығы:</b> Қайым музейі туралы түсініктерін толықтырады. <b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Қайым	



				
Сабақтың соңы	<p>Тапсырма. «ПОПС формуласы» Қайым музейіне саяхат туралы өз ойларыңды білдіріңдер. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша...» Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсінемін...» Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»</p>	«ПОПС формуласы» Абай музейіне сырттай саяхат туралы өз ойларын білдіреді.	2 балл	

Кері байланыс:

**Кері байланыс**  
Эдвард де Бонно бойынша «Ойлаудың алты қалпағы»

 Ақ қалпақта сабақ бойынша фактілер мен шифрлар араласқан ойлар айтылады.

 Қызыл қалпақ сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіреді.

 Кара қалпақ бұл – сабақ бойынша сын-пікір, келесі сабаққа ұсыныс.

 Бүгінгі сабақ тақырыбының өмірмен байланыстылығы, қажеттілігі.

 Жасыл қалпақ шығармашылық жұмыс, сабақтағы жана ұғымдар


 Барлық 6 қалпақтың пікірлерін білдіріп, оларды сабақ бойынша қорытынды ой

Бөлім: № 5 сабақ	<b>Мұхтар Әуезов және Қайым</b>	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	<b>Абай мұрасын жинауы</b>	
Оқу бағдарламасына оқыту мақсаттары	сәйкес	Ғалымның Абай мұрасын жинауы жайлы түсініктерін толықтыру.

Сабақтың мақсаты	<p><b>Оқушылардың барлығы:</b> Ғалымның Абай мұрасын жинауы жайлы түсініктерін толықтырады.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Ғалымның Абай мұрасын туралы талдайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі:</b> Ғалымның Абай мұрасын туралы талдайды, өз ойларын дәлелдеп жазады.</p>
------------------	---

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Баға лау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру	Сабаққа қатысады		
Сабақтың басы	<p><b>Психологиялық ахуал</b></p> <p>«Оның есесіне мен...» жаттығуы</p> <p>Мен жиі қиялдаймын, оның есесіне...</p> <p>Мен көп үндемейтін адаммын, оның есесіне....</p> <p>Мен жұрттың бәріне құрметті бола алмаймын...</p> <p>Мен өзім туралы көп ойламаймын, оның есесіне...</p>	«Оның есесіне мен...» жаттығуын орындайды	2 балл	Таныстырылым Оқулық
Сабақтың ортасы	<p><b>Миға шабуыл. «Аквариум» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.</b></p> <p>1. Ғалымның қандай шығармалары қызықты болды?</p> <p>2. Ғалымның Абай мұрасын жинаудағы мақсаты не деп ойлайсың?</p> <p>3. Семей қаласында Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайын ашыға белсене қатысты? (1940)</p> <p><small>Ұлы Абайдың мұрасы - ғасырлар бойы қасиетінен айырылмаған ұлтымыздың рухани казынасы. Абайдың шығармалары - астарында терең философиялық ой жатқан, оқырманға өнеге мен тәрбие беретін әдебиетіміздің алтын қоры. Абайдың өмірі мен шығармашылық өнері, философиясы, қрамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу қажырлы еңбекті қажет етеді. Абай мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан басталды деуге болады. Алайда, Абайдың өмірі мен шығармашылығы жолында аянбай тер төгіп, Абай үшін өмір сүрген жан Қайым Мұхамедханов еді.</small></p> <p><small>Қайым Мұхамедхановты біз Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтардың шығармашылығын зерттеген тұлғатанушы-ғалым, текстолог-ғалым, керемет ақын, жазушы және шебер аудармашы ретінде танымыз.</small></p> <p><small>Қайым Мұхамедханұлының ғылыми еңбектерінің нысаны - жалпы қазақ әдебиетіндегі мәселелер. Бастауын XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген атақты батырлардың, ақын-жыраулардан алып, кейінгі Махамбет Дулат, Шоқанмен жалғасын тауып, Абайды зерттеп, қайымыпай алашордашылар жайлы сөз қозғады. Ғалымның ғылым жолындағы ең биік шыңы - Абай болды.</small></p>	Сұрақтарға жауап береді.	3 балл	 <p>«Бас бармақ» тәсілі</p> <p>Барлығын түсіңізім —</p> <p>Екі түсініп келеміз —</p> <p>Түсінебем —</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек»</p>
		Мәтінмен		


	<p><b>Тапсырма. ВЕНН</b>          диаграммасы арқылы Қайым Мұхамедханов пен Абай Құнанбаевты салыстырып жазыңдар.</p> 	<p>танысады.</p> <p>ВЕНН диаграммасы арқылы Қайым Мұхамедханов пен Абай Құнанбаевты салыстырып жазады.</p>	<p>3 балл</p>	
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Тапсырма. «Қайым Мұхамедхановтың Абай мұрасына сіңірген еңбегі» тақырыбына эссе жазыңдар. (Сөз саны-50)</p>	<p>«Қайым Мұхамедхановтың Абай мұрасына сіңірген еңбегі» тақырыбына эссе жазады.</p>	<p>2 балл</p>	
<p>Кері байланыс:</p> 				

<p>Бөлім: № 6 сабақ</p>	<p>Мұхтар Әуезов және Қайым</p>	
<p>Педагогтің аты-жөні</p>		
<p>Күні:</p>		
<p>Сынып: 8</p>	<p>Қатысушылар саны:</p>	<p>Қатыспағандар саны:</p>
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Ұстаз аманатына адалдық</p>	

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Оқушыларға ұстаз аманатына адалдық туралы түсінік беру.
Сабақтың мақсаты	<p><b>Оқушылардың барлығы:</b> Ұстаздың аманатына адалдық туралы түсінік алады.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Ұстаздың аманатына адалдық туралы түсінік алады, талдайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі:</b> Ұстаздың аманатына адалдық туралы түсінік алады талдайды, өз көзқарасын білдіреді.</p>

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Баға лау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру	Сабаққа қатысады		
Сабақтың басы	<p><b>Психологиялық ахуал</b></p> <p><b>«Амандасу» жаттығуы</b></p> <p>Қарым - қатынас амандасудан басталады. Ойыншылар дөңгеленіп тұрады. Барлығы тақтаға қарайды. Егер тақтада күлкі бейнеленсе, онда бір - бірімізге күлімдей қараймыз. Қол бейнеленсе – қолымызды қысып амандасамыз. Күн бейнеленсе – жақсы ықыласпен сәлемдесеміз. Жүрек бейнеленсе – құшақтасамыз.</p>	«Амандасу» жаттығуын орындайды	2 балл	Таныстырылым Оқулық
Сабақтың ортасы	<p><b>Миға шабуыл.</b> «Аквариум» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.</p> <p>1. Қайым Мұхамедханов өмірі мен ғылыми қызметі туралы не білесіңдер?</p> <p>2. Қандай ғалымдардың шығармаларын білесіңдер?</p> <p><b>Тапсырма.</b> «Қайымның ұстаздық жолы» тақырыбын «Балық қаңқасы» әдісі арқылы толтырыңдар.</p>	Сұрақтарға жауап береді.	3 балл	 <p>«Бас бармақ» тәсілі</p> <p>Барлығын түсіңізім —</p> <p>Екіні түсініп келемі —</p> <p>Түсінібедім —</p> <p>«Екі жұлдыз»,</p>
		«Қайымның ұстаздық жолы» тақырыбын «Балық		

	<p style="text-align: center;"><b>Балық қаңқасы</b></p>  <p><b>Тапсырма.</b> Қайым Мұхамедхановтың ұстаздық жолын «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша...» Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсінемін...» Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»</p>	<p>қаңқасы» әдісі арқылы толтырады.</p> <p>«Қайым Мұхамедхановтың ұстаздық жолын «ПОПС формуласы» арқылы білдіреді.</p>	<p>3 балл</p>	<p>бір тілек»</p> 
<p>Сабақтың соңы</p>	<p><b>Тапсырма.</b> Қайым Мұхамедхановтың ұстаздық жолын тақырыбына пікіріңді «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып жаз. <b>Пікір.</b> Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз. <b>Дәлел.</b> Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде. <b>Мысал.</b> Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір. <b>Қорытынды.</b> Тақырып бойынша қорытынды жаз.</p>	<p>Қайым Мұхамедхановтың ұстаздық жолын тақырыбына пікіріңді «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып жазады.</p>	<p>2 балл</p>	
<p>Кері байланыс:</p> 				

Бөлім: №7сабақ	<b>Мұхтар Әуезов және Қайым</b>	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	<b>Абай музейіне сырттай саяхат</b>	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Оқушыларға Абай музейіне сырттай саяхат туралы түсініктерін толықтыру.	
Сабақтың мақсаты	<p><b>Оқушылардың барлығы:</b> Абай музейіне сырттай саяхат туралы түсініктерін толықтырады.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Абай музейіне сырттай саяхат туралы мәлімет алады, талдайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі:</b> Абай музейіне сырттай саяхат туралы мәлімет алады, талдайды, өз ойларын толықтырады.</p>	

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Баға лау	Ресурстар
Ұйымдас тыру кезеңі	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру	Сабаққа қатысады		
Сабақтың басы	<b>Психологиялық ахуал</b>		2 балл	Таныстырылым Оқулық
Сабақтың ортасы	<p><b>Миға шабуыл. «Зымыран» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.</b></p> <p>1. Абай музейін көрдіңдер ма?</p> <p>2. Абай өмірі мен шығармашылығы туралы не білесіңдер?</p> <p>Қ.Мұхамедханов мемлекеттік Абай мұражайын алғашқы ұйымдастырушы және ғылыми қызметкердің бірі ретінде қазақ</p>	«Зымыран» әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді.	3 балл	 <p>«Бас бармақ» тәсілі</p> <p>Барлығын түсіңім —</p> <p>Енді түсініп келемін —</p> <p>Түсінебем —</p> <p>«Екі</p>

	<p>әдебиетінің классигі Абайдың өмірі мен шығармашылығына тікелей қатысы бар ерекше құнды қолжазбаларды, мұрағаттық, фольклорлық материалдарды жинақтады.</p> <p><b>Тапсырма. «Кубизм» әдісі</b> арқылы «Қ. Мұхамеджанов Абай мұражайын алғашқы ұйымдастырушы» тақырыбында туралы толықтырып жазыңдар.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Суреттендер</li> <li>2. Салыстырыңдар</li> <li>3. Зерттендер</li> <li>4. Қолданыңдар</li> <li>5. Дәлелдендер</li> <li>6. Талдаңдар</li> </ol>	<p><b>«Кубизм» әдісі</b> арқылы «Қ. Мұхамеджанов Абай мұражайын алғашқы ұйымдастырушы» тақырыбында туралы толықтырып жазады.</p>	<p>3 балл</p>	<p>жұлдыз, бір тілек»</p>  
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Тапсырма. «ПОПС формуласы» Абай музейіне сырттай саяхат туралы өз ойларыңды білдіріңдер.</p> <p>Бірінші сөйлем: «Менің ойымша...»</p> <p>Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсінемін...»</p> <p>Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»</p> <p>Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»</p>	<p>«ПОПС формуласы» Абай музейіне сырттай саяхат туралы өз ойларын білдіреді.</p>	<p>2 балл</p>	

Кері байланыс:

**Кері байланыс**

Эдвард де Бонно бойынша «Ойлаудың алты қалпағы»



Ақ калпақта сабақ бойынша фактілер мен шифрлар араласқан ойлар айтылады.



Қызыл калпақ сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіреді.



Қара калпақ бұл – сабақ бойынша сын-пікір, келесі сабаққа ұсыныс.



Бүгінгі сабақ тақырыбының өмірмен байланыстылығы, қажеттілігі.



Жасыл калпақ шығармашылық жұмыс, сабақтағы жана ұғымдар



Барлық 6 калпақтың пікірлерін білдіріп, оларды сабақ бойынша қорытынды ой

Бөлім:	<b>Мұхтар Әуезов және Қайым</b>	
№ 8 сабақ		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	<b>Абай мұраларын насихаттаушы</b>	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Абай мұраларын насихаттаушы туралы түсінік беру.	
Сабақтың мақсаты	<p><b>Оқушылардың барлығы:</b> Абай мұраларын насихаттаушы туралы мәлімет алады.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Абай мұраларын насихаттаушы туралы мәлімет алады, талдайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі:</b> Абай мұраларын насихаттаушы туралы мәлімет алады, өз көзқарасын дәлелдейді.</p>	

#### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Баға лау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру	Сабаққа қатысады		
Сабақтың басы	<b>Психологиялық ахуал</b>	«Жүректен - жүрекке» шеңбері	2 балл	Таныстырылым Оқулық
Сабақтың ортасы	<p><b>Миға шабуыл. «Аквариум» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.</b></p> <p>1. Абай мұралары туралы не білесіңдер?</p> <p>2. Абайтанудың алыбы Қайым Мұхамедханұлы еңбектері не білесіңдер?</p> <p>Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында атқарылған ірі-ірі ғылыми-</p>	«Аквариум» әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді.	3 балл	 <p>«Бас бармақ» тәсілі</p> <p>Барлығын түсіңізім — </p> <p>Енді түсініп келемін — </p> <p>Түсіне бердім — </p>

	<p>зерттеулер мен абайтану саласындағы тың жаңалықтар да Қайым Мұхамедханов есімімен байланысты. 1995 жылы Абай шығармаларының екі томдық академиялық жинағы текстологиялық жағынан дұрысталған нұсқасымен шығуына да ғалым аға өз үлесін қосты. Осы жылы жарыққа шыққан «Абай» энциклопедиясының редакциялық алқасын басқарған Қайым Мұхамедханов бұл басылымның да мағыналы, мәнді болуы үшін көп тер төкті. Өмірінің соңына дейін Абай мектебі мен абайтану мәселесіне байланысты талмай еңбектенген ғалым үшін энциклопедияның әр мақаласы маңызды болды.</p> <p>Мақалалардағы мәселелердің тарихилығы мен нақтылығы, Абайдың ақындық мектебінен тәжірибе алған әр ақын мен жеке тұлғалардың шығармашылық өмір жолы туралы тың деректердің сарапталып, баспаға түсуіне аса мән берген ғалым еңбегі нақтылы бағасын алды.</p> <p><b>Тапсырма.</b>  «Дербес пікір жазу» тәсіліп қолданып, Абай мұраларын насихаттаушы бойынша пікіріңді жаз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.</li> <li>2. Дәлел – екі сөйлемнен келтіру керек.</li> <li>3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.</li> <li>4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір</li> </ol>	<p>Ыбырай Алтынсарин алғашқы мектеп ашуы туралы мәлімет алады.</p> <p><b>«Дербес пікір жазу»</b> тәсіліп қолданып, Абай мұраларын насихаттаушы бойынша пікірін жазады.</p>	<p>3 балл</p>	<p>«Екі жұлдыз, бір тілек»</p> 
--	--	--	---------------	--

	сөйлем. 5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлемнен тұру керек. 6. Қорытынды – екі сөйлемнен тұрады.			
Сабақтың соңы	<b>Тапсырма.</b> «ПОПС формуласы» арқылы «Абай мұраларын насихаттаушы» туралы білдіредіңдер. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша...» Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсінемін...» Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»	«ПОПС формуласы» арқылы «Абай мұраларын насихаттаушы» туралы білдіреді.	2 балл	

Кері байланыс:




Бөлім:	<b>Абайдың ақындық мектебі</b>	
№ 9 сабақ		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	<b>Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін ғылыми айналымға енгізуі.</b>	
Оқу бағдарламасына оқыту мақсаттары	сәйкес Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін ғылыми айналымға енгізуі туралы мәлімет беру.	

Сабақтың мақсаты	<p><b>Оқушылардың барлығы:</b> Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін ғылыми айналымға енгізуі туралы мәлімет алады.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін ғылыми айналымға енгізуі туралы талдайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі:</b> Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін ғылыми айналымға енгізуі туралы талдайды, өз көзқарасын дәлелдейді.</p>
------------------	--

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Баға лау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру	Сабаққа қатысады		
Сабақтың басы	<p><b>Психологиялық ахуал</b> <b>«Жүректен - жүрекке» шеңбері</b> -Әрбір еркелетіп айтатын есім гүлге ұқсайды. Гүлдердің бәрі әдемі: раушан да, қызғалдақ та, бәшешек те-бәрі өзінше керемет, бәрі де адамға қуаныш сыйлайды. Біздің есіміміз де осындай керемет!</p>	«Жүректен - жүрекке» шеңбері	2 балл	Таныстырылым Оқулық
Сабақтың ортасы	<p><b>Миға шабуыл. «Аквариум»</b> әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріндер. 1. Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін ғылыми айналымға енгізуі туралы не білесіңдер? Абайдың ақын шәкірттері атты төрт томдық еңбек әдебиетсүйер қауымының таусылмас қазынасына айналып отыр. Қайым құлашын қайта жайлаған сол шабытты шақтар оның азапты күндерін артқа қалдырып қана қоймай, ұзақ жылғы бейнетінің жемісін</p>	«Аквариум» әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді.  Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін	3 балл	  «Бас бармақ» тәсілі  Барлығын түсірдім —  Екі түсініп келдім —  Түсінедім —


	<p>көруге септігін тигізді. 2010 жылы Қазан айының 6 жұлдызында белгілі ғалым, абайтанушы, жазушы, педагог, драматург, аудармашы.</p> <p><b>Тапсырма.</b>  <b>«FILA кестесі»</b> арқылы кейіпкердің образдық тұлғасын ашу үшін төмендегі тапсырмаларды орындаңыздар.  <b>F/Дерек/-</b> шығармадағы кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау;  <b>I /Пікір/-</b>кейіпкер туралы өзінің ой-пікірі;  <b>L/Сұрақ/-</b>кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар;  <b>A/Іс-әрекет/-</b>автордың кейіпкерді суреттеудегі мінездеуін табады.</p>	<p>ғылыми айналымға енгізуі туралы мәлімет алады.</p> <p><b>«FILA кестесі»</b> арқылы кейіпкердің образдық тұлғасын ашу үшін төмендегі тапсырмаларды орындайды.</p>	3 балл							
Сабақтың соңы	<p><b>Тапсырма.</b>          Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін ғылыми айналымға енгізуі туралы кестені толтырындар.</p> <table border="1" data-bbox="459 1350 963 1729"> <tr> <td data-bbox="459 1350 628 1608">Мәтіннен үзінді</td> <td data-bbox="628 1350 798 1608">Маңызды эпизод екеніне 3 дәлел келтір</td> <td data-bbox="798 1350 963 1608">3 дәлелге 3 факті келтір</td> </tr> <tr> <td data-bbox="459 1608 628 1729"></td> <td data-bbox="628 1608 798 1729">1. 2. 3.</td> <td data-bbox="798 1608 963 1729">1. 2. 3.</td> </tr> </table>	Мәтіннен үзінді	Маңызды эпизод екеніне 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 факті келтір		1. 2. 3.	1. 2. 3.	<p>Қ.Мұхамедхановтың Абай шәкірттерінің еңбегін ғылыми айналымға енгізуі туралы кестені толтырындар.</p>	2 балл	
Мәтіннен үзінді	Маңызды эпизод екеніне 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 факті келтір								
	1. 2. 3.	1. 2. 3.								
<p>Кері байланыс:  <b>Рефлексия пирамидасы</b>          Есте сақтау керек маңызды бір нәрсе          Сіз көбірек білгіңіз келетін екі нәрсе          Сіз бұған дейін білген үш нәрсе          Сіз үйренген үш нәрсе</p>										



Бөлім: № 10 сабақ	<b>Абайдың ақындық мектебі</b>	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	<b>Ақылбай Абайұлы</b>	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Ақылбай Абайұлы туралы мәлімет беру.	
Сабақтың мақсаты	<p><b>Оқушылардың барлығы:</b> Ақылбай Абайұлы туралы мәлімет алады.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Ақылбай Абайұлы туралы мәлімет алады, талдайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі:</b> Ақылбай Абайұлы туралы мәлімет алады, талдайды, өз көзқарасын дәлелдейді.</p>	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Баға лау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру	Сабаққа қатысады		
Сабақтың басы	<p><b>Психологиялық ахуал «Жүректен - жүрекке» шеңбері</b></p> <p>-Әрбір еркелетіп айтатын есім гүлге ұқсайды. Гүлдердің бәрі әдемі: раушан да, қызғалдақ та, бәшешек те-бәрі өзінше керемет, бәрі де адамға қуаныш сыйлайды. Біздің есіміміз де осындай керемет!</p>	«Жүректен - жүрекке» шеңбері	2 балл	Таныстыр ы лым  Оқулық

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p><b>Миға шабуыл. «Аквариум»</b>  әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.  1. Ақылбай Абайұлы туралы не білесіңдер?  2. Қандай шығармаларын білесіңдер?  Ақылбай – Абайдың Ділдә деген бәйбішесінен 1861 жылы туған тұңғыш баласы. Ділдәдан Ақылбайдан басқа Әбдірахим (Әбіш), Мағауия деген балалары болған.  Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаным, өзінен бала болмағандықтан, Ақылбайды кішкене күнінен өз бауырына басады. Ақылбай туғанда Абайдың өзі де жас, жаңа отау иесі еді. Сөйтіп, Ақылбай жас күнінен Нұрғаным тәрбиесінде болып, Құнанбай баласы Құнанбайдың кенже тоқалының еркесі атанып өседі.  <b>Тапсырма.</b> Ақылбай Абайұлы туралы топтастырып жазыңдар.</p> 	<p><b>«Аквариум»</b>  әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ақылбай  Абайұлы  туралы  мәлімет алады.</p> <p>Ақылбай  Абайұлы  туралы  топтастырып  жазады.</p>	<p>3 балл</p> <p>3 балл</p>	 <p>«Бас бармақ» тәсілі</p> <p>Бір айтып түсіңізім –</p> <p>Екі түсініп келеміз –</p> <p>Түсіне беріңіз –</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек»</p> 
<p>Сабақтың соңы</p>	<p><b>Тапсырма.</b>  Ақылдай Абайұлы туралы «Кубизм» әдісі арқылы</p>	<p>Ақылдай  Абайұлы  туралы</p>	<p>2 балл</p>	

	толықтырып жазыңдар. 1. Суреттендер 2. Салыстырыңдар 3. Зерттендер 4. Қолданыңдар 5. Дәлелдендер 6. Талдаңдар	«Кубизм» әдісі арқылы толықтырып жазады.	
--	---	--	---

Кері байланыс:

### Рефлексия пирамидасы

Есте сақтау керек маңызды бір нәрсе

Сіз көбірек білгіңіз келетін екі нәрсе

Сіз бұған дейін білген үш нәрсе

Сіз үйренген үш нәрсе



Бөлім: № 11 сабақ	<b>Абайдың ақындық мектебі</b>		
Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	<b>Мағауия Абайұлы</b>		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Мағауия Абайұлы туралы мәлімет беру.		
Сабақтың мақсаты	<p><b>Оқушылардың барлығы:</b> Мағауия Абайұлы туралы мәлімет алады.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Мағауия Абайұлы туралы мәлімет алады, талдайды.</p> <p><b>Оқушылардың кейбірі:</b> Мағауия Абайұлы туралы мәлімет алады, талдайды, өз көзқарасын дәлелдейді.</p>		

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Баға лау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылардың сабаққа дайындығын ұйымдастыру	Сабаққа қатысады		

<p>Сабақтың басы</p>	<p><b>Психологиялық ахуал</b>  <b>«Жүректен - жүрекке» шеңбері</b>          -Әрбір еркелетіп айтатын есім гүлге ұқсайды. Гүлдердің бәрі әдемі: раушан да, қызғалдақ та, бәшешек те-бәрі өзінше керемет, бәрі де адамға қуаныш сыйлайды. Біздің есіміміз де осындай керемет!</p>	<p>«Жүректен - жүрекке» шеңбері</p>	<p>2 балл</p>	<p>Таныстырылым Оқулық</p>															
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p><b>Миға шабуыл.</b></p>  <p>Абай отбасымен, 1903 жыл. 1-қатарда: Пәкізат, Турағұл Абайұлы, Әубәкір Ақылбайұлы, Отырған Абай Құнанбайұлы. 3-қатарда: Мағауия Абайұлы, Еркежан.</p> <p>Бейнежазбаны тыңдап  <b>«Зымыран»</b> әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.          -Мағауия Абайұлы кім?          -Ол қайда дүниеге келген?          -Ол қайда дүниеге келген?          - Мағауия қандай адам болған?          -Қандай шығармаларын білеміз?  <b>Тапсырма.</b>  <b>«Тұжырымдамалық картасы»</b> арқылы Мағауия туралы толықтырып жазыңдар.</p> <table border="1" data-bbox="459 1429 954 1975"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Кейіпкер</th> <th>Өмірге қызығушылығы</th> <th>Адамгершілік қасиеті</th> <th>Кейіпкерге баға беру</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Тапсырма.</b>  <b>«DEAL»</b> әдісі арқылы</p>	№	Кейіпкер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге баға беру											<p>«Зымыран» әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді.</p> <p>«Тұжырымдамалық картасы» арқылы Мағауия туралы толықтырып жазады.</p> <p>«DEAL» әдісі арқылы Мағауияның өмірі мен шығармашылығын жазады.</p>	<p>3 балл</p> <p>3 балл</p>	<p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=URJ3g9Lsbyo">https://www.youtube.com/watch?v=URJ3g9Lsbyo</a></p>  <p>«Бас бармақ» тәсілі</p> <p>Барлығын түсіңізім</p> <p>Енді түсініп келемін</p> <p>Түсінедім</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек»</p> 
№	Кейіпкер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге баға беру															

	<p>Мағауяның өмірі мен шығармашылығын жазыңдар.</p> <p><b>D – Describe</b> – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).</p> <p><b>E – Explain</b> – түсіндіру (кұбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).</p> <p><b>A – Analyse</b> – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).</p> <p><b>L – Links</b> – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).</p>			
Сабақтың соңы	<p><b>Тапсырма.</b> Синквейн» стратегиясын қолданып, «Мағауия» сөзіне қатысты бес жолды өлең құрастырыңдар.</p> <p>1-жол: Тақырыптың атауы (зат есім).</p> <p>2-жол: Тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім).</p> <p>3-жол: Тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік).</p> <p>4-жол: Тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.</p> <p>5-жол: Тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.</p>	Синквейн» стратегиясын қолданып, «Мағауия» сөзіне қатысты бес жолды өлең құрастырады.	2 балл	
<p>Кері байланыс:</p> <p style="text-align: center;">«Бас бармақ» әдісі</p> <div style="text-align: center;">  </div>				

Бөлім: № 12 сабақ	<b>Абайдың ақындық мектебі</b>
Педагогтің аты-жөні	

Күні:	
Сынып: 8	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	<b>Тұрағұл Ибрагимов</b>
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Тұрағұл Ибрагимов туралы мәлімет беру.
